

**Сандықтау ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 шілдедегі № А-7/184 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 2 тамызда № 1-16-132 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 маусымдағы № А-5/205 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2012.06.19 № А-5/205 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-5 және 5-6 тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Сандықтау ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жүргізу Сандықтау ауданы әкімінің орынбасары Ә.Қ.Қазизоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Сандықтау ауданының әкімі*

*Қ.Сүйіндіков*